

Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 927 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабы 5) тармақшасына сәйкес,
мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін жаңғырту және арттыру мақсатында
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қосу арқылы
Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомствосы –
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл қызметі (бұдан әрі – Қызмет) құрылсын.

3. Қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) сыбайлас
жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық
бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту,
сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі
функциялары мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері
агенттігіне берілсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қазақстан
Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі берілетін функциялар мен
өкілеттіктерге сәйкес Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) құқықтары мен
міндеттемелерінің құқықтық мирасқоры болып айқындалсын.

5. "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту
туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552
Жарлығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне
тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)" деген жол алып тасталсын.

6. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті бір ай мерзімде Қазақстан
Республикасы Президентінің қарауына:

1) Қызмет туралы ереженің жобасын;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметімен және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, қайта ұйымдастырылған Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттіктің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) берілетін функциялары мен өкілеттіктеріне сәйкес штат санын қайта бөлу жөніндегі ұсыныстарды енгізісін.

7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Агенттік туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Жарлық жобасын енгізісін.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі екі ай мерзімде осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де шаралар қабылдасын.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейін осы Жарлықтан туындайтын заң жобасын әзірлесін және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізісін.

10. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

11. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев